## Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

# Алаштың сөнбес жұлдызы




Биылғы жылдың маусым айында алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толды. Мағжан Жұмабаев – қазақ әдебиетінің, оның ішінде ұлттық поэзияны әлемдік деңгейге көтерген ұлы ақын. Елінің ертеңін ойлап, от болып жанған, сезімге оранып, жалынды жыр жазған Мағжанның өлең – жырлары, мұң – зары халқының жүрегіне нұр болып құйылып, ұлттық рухына айналды.

Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай Қызылжар кенті үлгілі кітапханасында «Қазақтың жалынды ақыны» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқырмандарға ақынның өмір жолдары, шығармалары жайлы ақпараттар беріліп, сұрақтар қойылып, оқырмандар жауап беріп, сөзжұмбақтар шешілді.

**Жаннұр Әбдіқалықова,**
**Қызылжар кентінің үлгілі кітапханасының кітапханашысы**